

1. Жүнісбаев А. Санжар Асфендиаров: өмірі мен қызметі (1889-1938 жж.). - Т. I (1889-1918 жж.). - Алматы: "Елтаным баспасы", 2014. — Б. 45.
2. Умми-Гүлсім Асфендарованың жеке ісі (Санкт-Петербургтің орталық мемлекеттік тарихи мұрағатында орналасқан)
3. Умми учаскелік дәрігерінің қызмет тізімі-Гүлсім Асфендиарова. 1908 ж. 22 тамыз // Ога РУз. Аты-Жөні-17. ЖТ. 1. д. 34836. ә. 79;
4. Әмудария бөлімі бастығының атына хат, 22 ақпан 1914 ж. // Ога РУз. Ф. И-2, оп. 1, д.309, д. 15.
5. Әлжанов А. "Алғашқы қарлығаштар". — Алматы: "Арыс", 2007. - 106 б.
6. Исмаилов А. "Санжар Асфендиаровтың отбасы тарихынан". — "Қазақстан мұрағаттары". — Астана. — 2008. — № 1. — Б. 105.
7. Жүнісбаев А. Қазақтың тұңғыш әйел-дәрігері. Қазақ әдебиеті газеті, 09.03.2018 <https://qazaqadebieti.kz/13983/aza-ty-t-ysh-jel-d-rigeri>
8. Махмудов М. "Хорезмдегі алғашқы аурухана"• - "Кеңестік Денсаулық сақтау" - Мәскеу, 1984. — № 1. — С. 67-69.
9. Махмудов М. "революцияға дейінгі Түркістандағы алғашқы әйел-дәрігерлер"• - "Кеңестік Денсаулық сақтау" - Мәскеу, 1988. — № 8. — С. 68-70.

ЕВНЕЙ АРЫСТАНҰЛЫ БӨКЕТОВ: ҒАЛЫМ, ҚАЙРАТКЕР, ТҮЛҒА

Жағалова Дилара, Қасым Ажар

Ғылыми жетекшісі: PhD докторы, профессор ассистенті Смағұлов Н.Б.,
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ.

Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор Евней Арыстанұлы Бөкетов – қазақтың көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ғалым, білім беру ісінің ірі ұйымдастырушысы. Ол 1925 жылы 23 наурызда Солтүстік Қазақстан облысының бұрынғы Сергеев қазіргі Шал ақын ауданы, Бағанаты ауылында дүниеге келген. Евней Бөкетовтың отбасы ауыл шаруашылығымен айналысқан. Оның әкесі Арыстан Бөкетов – еңбеккер, өз ауылында сыйлы адам болған. Анасы да қарапайым әрі еңбеккер адам ретінде балаларына тәрбие берген. Евнейдің балалық шағын Солтүстік Қазақстан облысының ауылдық аймақтарында өткен, бұл оның болашақ өміріне ерекше әсер еткен. Ауылдың қиыншылығы мен қарапайым өмірі жас Евнейдің еңбексүйгіштігін, табандылығын, білімге деген ынтасын қалыптастыруға ықпал етті.

Евней Арыстанұлы мектепті өзінің туған ауылында бастап, кейін туған облысы территориясында мектептерде білімін жалғастырды. Алғашқы жылдары-ақ математика мен физикаға қызығушылық танытып, осы ғылым салаларын тереңірек зерттеуге талпыныс білдірді. Бұл ғылымдар оның болашақ мамандығы мен ғылыми жолына негіз қалайды. Өз қатарластарының арасында әр түрлі ойындар ұйқастырып, олардың жол көрсетушісі және ұйымдастырушысы бола білді.

1932-1941 жылдары Евней Арыстанұлы ауыл мектептерінде дәріс алады: Кіші кизак, Макушин және Солтүстік Қазақстан облысындағы Марьевка селосында тұрады. Осы Марьевка селосында 9-сыныпты бітірді. Мектепте оқыған кезінде ол көптеген әдеби шығармалар, тарихи романдар және техника жағдайындағы кітаптарды көп оқыды. 7-сыныпты үздік бағамен оқығаны үшін, оған 2 метр шыт матасын сыйға беріледі, оны Евней Ыбырай ағасына әкеп береді. Евнейдің осындай құрметке ие болғанынан риза болғаны соншалықты, жаңағы матадан бірдеңе тігуге ұлықсат етпей, оны үйдің бұрышына көрінетіндей етіп ілгізіп қояды. Евней ағасының көрегендігіне таң қалатыр еді, себебі көрінетін жерде ілулі тұрған матаның осы кесіндісінің ақыл ретінде айтылған қандай да болмасын сөзден гөрі тәрбиелік мәні зор болатын. 1939 жылы 7-сыныпты үздік бағамен бітіргені үшін және үлгілі тәртібі үшін Алтай тауына экскурсияға жолдама беріледі. Ең үздік оқушылардың қатарында болғандықтан, Евнейді 1941 жылы 9-сыныпты аяқтаған соң ауыл мектебіне ұстаздық етуге жібереді.

1941-1945 жылдары Евней Арыстанұлы Солтүстік Қазақстан облысының Октябрь ауданының Соколовка, Ольгинка, Двойники, Жалтыр, Афанасьевка, Городецк селоларында бастауыш және орта мектептерде ұстаздық қызметін атқарып, біраз уақыт осы мектептерді оқу ісін меңгерушісі болды. 1945 жылы Евней Арыстанұлы Марьевка орта мектебінде сырттай емтихан тапсырып, кәмелеттік аттестат алды. Қазіргі таңда осы № 2 орта мектепке Е.А. Бөкетовтың есімі берілген. Сол жылы (1945 ж) ол Алматы қаласындағы Қазақ тау-кен металлургия институтына түседі (Қазіргі Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университет), сөйтіп оны 1950 жылы бітіріп шықты.

1951-1953 жылдары Е.А. Бөкетов өзі бітірген институтының аспирантурасында оқыды. 1954 жылдың шілде айында Қазақ КСР Ғылыми Академиясының Металлургия және кен байыту институтында мобилденді бөліп алу және химиялық анализі мәселелері бойынша кандидаттық диссертациясын қорғап шықты. Осыдан

кейін ол Қазақ кен-металлургия институтының жеңіл және сирек металдар кафедрасының асистенті (1954 ж. - 1956 ж.) және доценті (1956 ж, сентябрь -1958 ж. тамыз) қызметін атқарды.

1950 жылы институтты «Электролиз қоспалары» мамандығы бойынша тамәмдағаннан кейін, жеңіл және сирек металдар металлургия кафедрасының аспирантурасын қабылданады. 1954 жылдың маусым айында молибден жайлы кандидаттық диссертация қорғайды. Қорғағаннан кейін ҚазММИ-де жеңіл және сирек металдар кафедрасында ассистент, кейін доцент болып істейді. 1958 жылдың тамызынан 1960 жылға дейін Евней Арыстанұлы ҚазММИ-дің директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары қызметін атқарды.

Институттың шаруашылық ұйымдастырушылық жұмыстарымен айналысып жүргеннің өзінде де, қолы қалт еткенде лабораториялық үстелге отыра қалып, химиялық элементтердің реакциясын бақылауға уақыт тауып, естен шығарған емес. Енді өзінің ғылыми жұмыстарының бастау алған кезіне қайта оралуға тура келді. Сол кезең жайлы ез естелігінде техника ғылымының докторы, Ресей Федерациясының ғылымы мен техникасына еңбек сіңірген қайраткері, профессор, Орал политехникалық институтының ғылым жөніндегі проректоры И.Ф. Худяков әңгімелейді: «Ол (Бөкетов Е.А.) жеңіл және сирек металдар кафедрасының доценті қызметін атқаратын. Қазақтың кен-металлургия институтына мен сол уақытта жаңадан сайланған Қазақ КСР ҒА мүшесі-корреспонденті, кейіннен Қазақ КСР ҒА академигі болған профессор В.И.Смирновпен бірге келді [1, 93 б.].

Он жылдан артық уақыт ішіндегі өзінің ғылыми іс-әрекетінің нәтижесін жинақтап, қорытындылай келе, Евней Бөкетов докторлық диссертациясын толтырып дайындауға кірісуге болады деген шешімге келді. Кеңес мүшелері өз орындарына жайғасқаннан кейін зал тыныштала қалды, төраға-техника ғылымының докторы, профессор С.Ф. Кузькин Е.А. Бөкетовтың техника ғылымының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін «Мыс электролиттің қалдығынан селен мен теллурды айырып бөліп алу» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысы қарастырылатындығын хабарлады. Ресми оппоненттер ретінде техника ғылымының докторлары, профессорлар Н.Н.Севрюков, М.Д. Ивановский, Н.А. Суворовская тағайындалған екен. Қорғаудан кейін, көп ұзамай Мәскеу құрыш және құйма институты Біріккен ғылыми кеңесінің Евней Бөкетовке ғылыми дәреже беру жайлы шешімі еліміздің Жоғары аттестациялық комиссиясында қаралып бекітілді. Осылайша, шағын ауылдың ұлы, Евней Арыстанұлы Бөкетов техника ғылымының докторы, нағыз ғалым болды. Сол 1967 жылы оған профессор ғылыми атағы берілді. Оның көп жылдар бойы тер төгіп, істеген жұмысы осындай нәтижеге жеткізді. Одан кейін ол институттың ғылыми кадрларын даярлауға барлық күш-жігерін жұмсады, облыс пен қаланың қоғамдық өміріне араласып жүрді. Теледидарда, облыстық және республикалық газеттер мен журналдардың беттерінде әдеби-көркем тақырыттар мен өзінің ғылыми зерттеулері тақырыбына қатысты еңбектері жиі шығып тұрды. Қарағанды және Екібастұз көмір бассейнінің қалыптасуы мен металлургия өндірісінің дамуы жайлы «Омск қаласынан оңтүстікке қарай» құжаттамалы теледидарлық киноочерктің автор -жүргізушісі болды [1, 56-57 б.].

1970 жылы Евней Арыстанұлы Бөкетов Қазақ КСР Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланды. Бұл жылдары ол ерекше белсенді жұмыс істеді жыл сайын үшеуден бесеуге дейін жаңалық ашқандығы жайлы куәлік алып жүрді, көп уақытын кандидаттар мен докторлар даярлауға бөлді. Оның іс-әрекеті институтта көбірек ғылыми дәрежелік қызметкерлердің жұмыс істеуіне бағытталды [1, 58 б.].

1972 жылы Е.Бөкетов Қарағанды мемлекеттік университетінің негізін қалады. Білім ордасының тұңғыш ректоры болды. Евней Арыстанұлы жазушылық іспен де белсенді айналысты. Көптеген одақтық, республикалық, облыстық газеттер мен журналдарда повестері жарияланып, радио мен теледидарда сөйлеп жүрді. Ғылыми жұмыстарды есепке алмағанның өзінде студенттік өмір мен ғылым адамдарына арналған очерктер, үлкенді-кішілі қырықтан астам мақалалар осы уақытта жазылып, жарияланған болатын. Олардың ішіндегі ірілерінің бірі Қазақстан ғалымдары туралы жазылған «Атан қомында туған адам және оның замандастары» («Человек родившийся на верблюде, и его современники». «Знамя» журналы, № 8, 1972 жыл) очеркі кейіннен жазылған осы аттас кітаптың негізін құрады. Шоқан Уәлиханов жайлы «Шоқанның ұлы мақсаты мен қасиетті ісі» («Великая цель и святое дело Чокана»), Қ.И.Сәтбаев туралы «Первый академик» («Тұңғыш академик») очерктер, көлемді мақалалар болды. «Пушкин және Маяковский» очеркі «Жалын» журналында, 1974 жылы №3 нөмірінде жарияланды. Ол осы очеркті «Простор» журналының редакциясына ұсынған кезде түсінбеушілікке тап болды.

Академик Е.А. Бөкетов халькогендер химиясы мен технологиясы саласындағы зерттеулерді жүргізушілердің көпшілікке танымал Қазақстандық мектебінің негізін салушы болды. Мыс қоспалары химиясы саласындары, сонымен бірге, оның табиғи серіктестері күкірттің, селеннің, теллурдың, мышьяк пен сурьманың, олардың жалпылама аталуы – халькогендерді зерттеуге де біршама көңіл бөлінді. Осы аталған объектілерге қызығушылықтың артуы Орталық Қазақстанның осы тектес шикізаттың қазыналы қоймасы болғандықтан ғана емес, соған қоса оларды интенсивті өңдеу оның құрамындағы құнды қоспалардың мөлшерінің әжептәуір кемуіне әкелгендігіне байланысты болып отыр. Осыған орай тотықтандырылған және жоғары кремнийді рудалар деп аталатындарға кешенді және экономикалық өндеулерді жүргізе отырып, өндіріс саласына енгізу міндеті пісіп жетілді. Е.А. Бөкетовтың зерттеулері осы маңызды мәселелерді шешуге бағытталған болатын.

1983 жылы ғұлама ғалым, үлкен жүректі тұлға өмірден мезгілсіз өтті. Ғалым өмірінің соңғы жылдарында сол кездегі билік тарапынан жазықсыз қудалауға ұшыраған болатын.

1991 жылы Қарағанды мемлекеттік университетіне академик Е.Бөкетовтың аты берілді. Бүгінгі күнде Қарағанды университетінің базасында 12 оқу ғимараты, ғылыми кітапханасындағы кітап қоры 1,7 млн дананы

16 оқу залы, 7 студенттер үйі және т.б. мәдени-рухани және әлеуметтік саланы қамтитын кешендері бар. Ел үкіметінің 2024 жылдың 5 сәуіріндегі қаулысымен академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетіне зерттеу университеті мәртебесі берілді [3, 6 б.].

Қазақстан Республикасының ғылымы мен жоғары білімі саласын дамытуға орасан зор үлес қосқан көрнекті ғалым әрі қайраткер Евней Бөкетовтың туғанына келесі 2025 жылы 100 жыл толады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Бөкетов Қ.А., Қасен М., Әбдіқалықов Қ. Қыры-ғылым өрі өлең. Евней Бөкетов туралы естеліктер. Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2001. – 347 б.

2 Сарсеке М. Жизнь замечательных людей. Издательство АО «Молодая гвардия», художественное оформление, 2007.

3 Жұманова Л., Қасқатаева Ж. Дара туған тұлға. //Ortalyq Qazaqstan. – 2024. – 12 қазан – 6 б.

ДВИЖЕНИЕ АЛАШ И ИСТОРИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ НЕЗАВИСИМОСТИ

Тулепкелдыев К.Е.

Научный руководитель: к.и.н, доцент К.Ж. Жубатканов

Казахский агротехнический исследовательский университет имени С. Сейфуллина

ktulepkeldyev@gmail.com

г. Астана

Движение Алаш— это одно из ключевых явлений в истории Казахстана, которое связано с борьбой за национальную независимость и установление самостоятельного казахского государства в начале XX века. Возникшее в условиях политических и социальных изменений в Российской империи, движение Алаш стало важным этапом в развитии казахской политической мысли и борьбы за права и свободы казахского народа.

На рубеже XIX-XXвеков казахский народ переживал кризис, связанный с потерей своих традиционных земель, экономическим упадком и насильственной интеграцией в состав Российской империи. В таких условиях возникло движение Алаш, которое ставило своей целью возрождение казахской нации, восстановление ее независимости и создание собственного государства.

Цель настоящего доклада — рассмотреть движение Алаш как явление, его значение для казахской истории, а также проанализировать его роль в контексте стремления к независимости Казахстана. Мы обратимся к ключевым событиям, фигурам и идеям этого движения, а также проведем параллели с современными процессами, связанными с достижением независимости Республики Казахстан.

Движение Алаш возникло в условиях, когда казахский народ оказался на стыке нескольких исторических процессов, происходящих в Российской империи и в самом Казахстане. Среди них выделяются:

1. Колониальная политика Российской империи. Присоединение казахских земель к Российской империи в XVIII-XIX веках, а также аграрная и административная реформа, проводимая в регионе, привели к значительным изменениям в традиционном укладе жизни казахского народа. Политика «землевладения» и переселения русских крестьян на казахские земли способствовала утрате казахами права на землю, что было основой их жизни и экономики.

2. Отсутствие политической независимости. Казахские земли долгое время оставались частью Российского государства, однако на протяжении XIX века среди казахской элиты (мулл, баев, вельмож и представителей казахской интеллигенции) активно обсуждались проблемы политической автономии и самоопределения. Политическая и экономическая зависимость от России усиливалась, что вызывало у казахов растущее недовольство.

3. Крестьянская реформа 1861 года. После реформы 1861 года, которая закрепила права крестьян в Европейской России, в Казахстан стали активно переселяться крестьяне, что повлекло за собой увеличение социальной напряженности. Переселенцы занимали лучшие земельные участки, создавая угрозу для традиционного землевладения казахов.

4. Рост национального самосознания. В конце XIX — начале XX века происходил рост интеллектуальной активности в Казахстане, активизировались национальные и культурные движения. Сформировалась казахская интеллигенция, представителями которой обучались в российских университетах, а также обучались в медресе и училищах. Примером служат такие личности, как Ахмет Байтұрсынов, который изучал арабский и персидский языки и активно участвовал в распространении национального самосознания.

5. Революционные события в России. Революции в России в 1905 и 1917 году открыли новые возможности для политической активности. Эти события создали определенные условия для появления в Казахстане политических партий, которые стали выступать за права казахов, в том числе и за создание автономии в рамках Российской империи [1].